



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Сенатының  
депутаттарына  
(тізім бойынша)**

2022 жылғы 29 қыркүйектегі № 16-13-18Д/С хатқа

**Құрметті депутаттар!**

Автожол саласына қатысты Сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

***Жалпыға ортақ пайдаланылатын барлық жолдарды басқару бойынша бірыңғай әкімшісін құру мәселелері туралы***

Республикалық және жергілікті маңызы бар барлық жолдарды басқару жөніндегі бірыңғай әкімшісі құрылған жағдайда, әртүрлі қаржыландыру көздері мен бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің болуына байланысты автожолдардың жергілікті желісінің жобаларын іске асыруда белгілі бір қиындықтар туындайды.

***Анықтама үшін:***

*Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, «Күшті өңірлер – елді дамытудың драйвері» ұлттық жобасы шеңберінде жергілікті желі жолдарын салу және реконструкциялау жөніндегі жобаларды тепе-тең негізде қаржыландырады, ал Ұлттық экономика министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде жергілікті желі жобаларын тепе-тең негізде қаржыландырады.*

Сондай-ақ, жергілікті атқарушы органдардың облыстық және аудандық маңызы бар жолдарды басқару және дамыту жөніндегі құзыреті төмендейді. Бұл олардың өңірішілік өнеркәсіптік кооперация саясатын, сауда-логистикалық сервис пен көші-қон жүйесін қалыптастыру және іске асыру жөніндегі тетіктерінің болмауына әкеп соғады.

Осыған байланысты жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарды басқарудың қолданыстағы құрылымын сақтау орынды деп санаймыз.

***Битуммен қамтамасыз ету жөніндегі тиімді шараларды әзірлеу және іске асыру туралы***

Жол битумының шекті құнын реттеу мақсатында сатып алуды жүзеге асыру үшін Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі жол битумын жеткізу бойынша делдалдарды (*трейдерлерді*) алып тастау бойынша уәкілетті мемлекеттік органдармен (*ЭМ, БҚА*) бірлескен жұмыс жүргізді.

Бұл ретте бүгінгі күні «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ 2023 жылға арналған жол битумын қысқа дайындау және қажетті іріктеу бойынша жұмыс жүргізуде.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Энергетика министрліктері мен

Ресей Федерациясының арасында экспорттауға тыйым салынған немесе шектелген мұнай өнімдерінің тізімін және Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына және 2019 жылғы 6 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс жерлерге Қазақстан Республикасынан экспортқа тыйым салынған немесе шектелген мұнай өнімдерінің тізбесіне бекіту туралы Хаттамаға өзгерістер енгізілуде.

Өзгерістер енгізу негізінде Ресей Федерациясынан жылына 100 мың тоннаға дейінгі көлемде мұнай битумын әкелуге рұқсат етіледі. Сондай-ақ оны Қазақстан Республикасынан Еуразиялық экономикалық одақтан тыс жерлерге экспорттауға тыйым салынады.

### ***Автожол саласында FIDIC ережелерін қолдану туралы***

Парламент Мәжілісінің депутаттары «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құрылыс саласын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ол өз кезегінде FIDIC қағидаттарын автожол жобаларына енгізуді және қолданыстағы заң жобасына бастамашылық жасады, оның ішінде Бюджет кодексіне түзетулердің тиісті тізбесін көздейтін тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта Үкіметтің тиісті қорытындысын дайындау жүргізілуде.

***«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде жобаларды іске асыру кезінде елді мекендердің көшелерін жөндеу жобаларына ведомстволық сараптама енгізу, сондай-ақ «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК-мен қалалар мен ауылдар көшелерін қоса алғанда, жергілікті желінің барлық жол-жөндеу жұмыстарының сапасын бақылауға бірыңғай шарт жасасу туралы***

«Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК (бұдан әрі – РМК) қызметі басталғаннан бері жол-құрылыс жұмыстарын жүргізу нысандарына 42 мыңнан астам инспекциялық шығу жүзеге асырылды. Оның ішінде 16 мың жергілікті желі жолдарында, онда 60 мыңға жуық жол-құрылыс материалдарының сынамалары сыналды, оның ішінде 17 мыңы нормативтік талаптарға сәйкес келмейтіндігі анықталды.

Бұл ретте жергілікті желі бойынша іске асырылатын барлық жобаларда сапа сараптамасы жүргізілмейді, қамту небәрі 80 % - ды құрайды.

Осыған байланысты республикалық бюджет арқылы қаржыландырылатын жергілікті автожолдардың сапасына сараптама жүргізу үшін РМК-мен шарт жасасу арқылы барлық деңгейдегі автожолдарда сапаны бақылаудың бірыңғай жүйесін енгізу жөнінде түзетулер енгізілді.

Бұдан басқа елді мекендердің көшелерін сараптамамен толық қамтуды қамтамасыз ету мақсатында ведомстволық сараптамадан міндетті түрде өту бөлігінде «Көлік мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы шеңберінде Парламент Сенатымен қаралып жатқан елді мекендердің көшелерін жөндеуге қатысты түзетулер енгізілді.

**Ә. Смайылов**

**Тізім:**

С.Ж. Шайдаровқа;  
Д.З. Әділбековке;  
Е.Х. Сұлтановқа;  
С.Т. Алдашевқа;  
Б.Н. Каниевке;  
С.Е. Лұқпановқа;  
Е.Қ. Мамытбековке;  
Л.Т. Рысбековаға.